

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қазандағы N 1631 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы N 1155 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 231 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.04.2022 № 231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Туризм жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қазандағы N 1631 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2000 ж., N 44-45, 534-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға қосымшада:

Туризм жөніндегі кеңестің құрамына мыналар енгізілсін:

Орынбаев - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің

Ербол Тұрмаханұлы орынбасары, төраға

Досмұхамбетов - Қазақстан Республикасының Туризм және

Темірхан Мыңайдарұлы спорт министрі, төрағаның орынбасары

Қамзебаева - Қазақстан Республикасы Туризм және

Дариға Үсейінқызы спорт министрлігі Туризм және спортты

дамыту стратегиясы департаментінің

директоры, хатшы

Мусин - Қазақстан Республикасы Туризм және

Қобыланды Нұрғалиұлы спорт министрлігінің жауапты хатшысы

Айтжанов - Қазақстан Республикасының Ауыл

Дулат Нулиұлы шаруашылығы вице-министрі

Бектұров - Қазақстан Республикасының Көлік және

Азат Ғаббасұлы коммуникация вице-министрі

Қазыханов - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер

Ержан Хозеұлы министрінің орынбасары

Құсайынов - Қазақстан Республикасының Экономика және

Марат Әпсеметұлы бюджеттік жоспарлау вице-министрі

Ердәулетов - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

Станислав Рамазанұлы университеті туризм кафедрасының

менгерушісі, география ғылымдарының  
докторы, экономика ғылымдарының кандидаты,  
Қазақстан туристік қауымдастығының мүшесі  
(келісім бойынша)

Қалиев - Қазақстан ұлттық туристік ұйымдар  
Жекен Қалиұлы конфедерациясының президенті, Қазақстан  
Республикасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының  
ықпал ету қауымдастығының төрағасы  
(келісім бойынша)

Шаяхметов - Қазақстан Республикасы Балалар және жастар  
Асхат Ғалиұлы туристік ұйымдары қауымдастығының  
президенті (келісім бойынша)

"Никитинский Евгений Сергеевич - Қазақстан Республикасы Индустрия және  
сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу комитеті төрағасының  
орынбасары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Никитинский Евгений Сергеевич - Қазақстан "АЛАРК" жеңіл авиация  
қауымдастығының президенті (келісім бойынша)";

көрсетілген құрамнан мыналар шығарылсын: Мыңбаев Сауат  
Мұхаметбайұлы, Исекешев Әсет Өрентайұлы, Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлы,  
Қайсаров Уәлихан Әбішұлы, Зәкіриянов Қайрат Хайроллаұлы, Казанцев Павел  
Олегович, Уәлиев Қазбек Шәкімұлы, Қоңырбаев Уәлихан Сиянбекұлы, Исаев  
Батырхан Арысбекұлы;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Туризм жөніндегі кеңес туралы ережеде:  
8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Кеңес төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Кеңес мәжілістерінде  
төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске  
асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы заңнамаға  
сәйкес Кеңес жүзеге асыратын қызметке, сондай-ақ салааралық,  
ведомствоаралық үйлестіруге және Кеңес әзірлеген шешімдерге дербес жауап  
береді. Төраға болмаған уақытта оның функциясын орынбасары орындайды.";

19-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда  
министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу комитеті" деген сөздер "  
Туристік қызмет саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

